

**Абиров Данияр Акпаровичтің «Қазақстанда лицей – гимназиялардың
қалыптасуы мен дамуы (1987-2017)» тақырыптағы 6D010300 -
Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы
(PhD) дәрежесін алу үшін орындаған диссертациясының
АНДАТПАСЫ**

Зерттеудің көкейкестілігі: 1987-1991 жылдардағы Қазақстандағы қазақ лицей – гимназияларының тәжірибесіне тарихи-педагогикалық талдау әлі де болса, терең және ауқымды талдаулар жасалып, тарихи-педагогикалық тұрғыда көзқарастар қалыптастырылған жоқ. Сондықтан да, табиғаты мен мәндік құрылым жағынан жаңашыл педагогикалық идеяға негізделген лицей – гимназиялардың педагогикалық тәжірибелеріне жаңаша көзқараспен қарап, оның мазмұндық құрылымындағы педагогикалық қызметіне баға беру бүгінгі күннің үлесінде болып отыр. Алайда, лицей – гимназиялардың педагогикалық мәселелерді шешу тәжірибесі толық зерттелмеген. Бұл тарихи-педагогикалық әдебиеттерде Қазақстандағы лицей – гимназиялардың ірі ауқаты адамдардың балаларына арналған оқу орындары ретінде анықталғандығынан және соңғы кездері үстемдік еткен көзқарас тұрғысынан оларға қатысты кері қарай пікірлерде орын алуда.

Кеңес өкіметінің соңғы жылдары мен Егемен Қазақстанның мемлекетінің бас кезеңдерінде қоғам мен әлеуметтік ортадан орын алған бұл оқу-тәрбие мекемелерінің өзіне тән педагогикалық қызметтегі маңызды тарихи-педагогикалық салада орны бар. Білімін жаңғыртудың жүріп жатқан үдеріс қазіргі әлеуметтік-мәдени жағдайдың талаптарына сәйкес білім беру жүйелеріне мазмұны мен құрылымдық құрамаларын жаңартуға бағытталған. Зерттеу жұмысында белгілі Қазақстандық философия ғалымдар Ә.Нысанбаев, Р.Ж.Абдильдина, Б.М.Сатершинов, т.б. Ресей философ ғалымдары Р.М. Алейник, М.Н. Варламова, М. Н. Толстякова т.б.

Ресейлік педагогика ғалымдары Ю.А. Конаржевский, Ю.К. Бабанский, М.Н. Скаткин, В.В. Краевский, И.Я. Лернер, В.С. Леднев т.б., Қазақстанның педагогика ғалымдар К.Құнантаева, Қ.Жарықбаев, А.А. Мұқатаев, Қ.Т. Ыбыраимжанов, А.К.Тлебалдиева, А.Н. Ильясова т.б.

Ресейлік психология ғалымдары Л.С.Выготский, Л.В.Занков, В.В.Давыдов т.б., Қазақстандық психология ғалымдары Ж.Аймауытов, Т.Тәжібеу, М.Мұқанов, С.Д.Жакупов, Қ.Жарықбаев, А.Алдабергенов т.б. өздерінің зерттеу еңбектерінде мектеп оқушыларын оқыту мен тәрбиелеудегі педагогикалық үдеріс тәжірибесіндегі мәселелері, жаңа білім беру концепциялары, мектептің жаңа типтері, 20-ғасырдағы екінші жартысындағы әлемдік білім беру үдерісінің жетекші бағыттарын, сондай-ақ Қазақстандағы педагогикалық ой мен мектеп ісін оқып үйренуге, білім жүйелеріне қазіргі жағдайы мен даму бағыттарын қарастыруға арнайы көңіл бөлінген.

Қазіргі мектептер және олардың типтік ерекшеліктеріне қарай мәселен, лицей – гимназиялардағы білім беру мен оқыту және тәрбиелеу барысының заманауи талаптарға сәйкес үйлесімді ұйымдастыру үшін, осы типтегі

мектептердің қалыптасуы мен дамуы тарихындағы жүріп өткен педагогикалық тәжірибелерін, бүгінгі ғылыми педагогика тұрғысынан талдап, қарастыру мен оларға ақиқаттық бағасын берудегі көкейкестілік болып табылады. Себебі, лицей – гимназиялардың қалыптасуы мен дамуы тарихын жетік білу, осы типтегі мектептердің даму болашағын анықтауға негіз болады. Өйткені, өткеннің педагогикалық тәжірибесіндегі кеткен қателіктер мен олқылықтарды дұрыс түсінуге, озық үлгідегі тәжірибелерін бақылай білу мен оның келешек даму бағыт-бағдарын дұрыс бағыттауға және дамытуға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты ерекше басымдық пен мәртебеге ие орта мектепті лицей – гимназияларды біздің қоғамның зияткерлік әлеуметін толықтырудың негізгі көзі ретінде одан әрі дамытуға ерекше көңіл бөлінеді.

Отандық лицей – гимназия елдің білім беру мен тәрбиелеу бағыттағы салада орын алу әлеуметтік-педагогикалық мәртебесін орта білім беру ұйымының, академиялық бағытталған типі ретінде сыни тұрғыдан түсіну, оның қазіргі заманғы міндеттері мен қажеттіліктерінің мағынасын жеткілікті дәрежеде бағалауға және түсінуге мүмкіндік береді және жетілдіру жолдарын белсенді іздеуге ықпал етеді. Лицей – гимназиялардың білім беру қызметін сатылы және қызметіне өнімді талдау мақсат қоюда, лицей – гимназиялардың оқу үдерісін ұйымдастыруда тарихи сабақтастық механизмін анықтауға, қазіргі кездегі білім беру мекемелерінің жұмысына оң және теріс саяси, әлеуметтік-экономикалық факторлардың әсерін түсінуге көмектеседі.

Кеңес үкіметінің соңғы кезеңінде 1987 жылдан (Бюлетень ГосКом СССР по народному образованию. 29.06.1987.) бастау алып, 1991 жылғы жаңа үлгідегі, яғни жаңашылдық сипаттағы орын алған мектептер мен түрлі типтегі және сатыдағы орта білім беретін оқу-тәрбие мекемелері, мысалы, лицей, гимназия, т.б. типтегі мектептердің құрылуы және қоғам мен әлеуметтік ортадан орын алуы жайындағы мәселенің сол кезеңдегі заңдық-құқықтық негіздегі талаптық ережелермен реттелуі (Приказ от 14.06.1991г. № 285.) орын алды. Сондай-ақ, бұл бағыттағы ресми құқықтық ережелердің жалғасын 1995 жылғы Қазақстанда жаңа Конституция, ҚР 1992 жылға «Білім беру туралы» жаңа Заңы (07.06.1999 ж.) және 2007 жылдары қабылданған Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңына толықтырулар енгізу ерекшеліктері, т.б. ресми құжаттарды басшылыққа алынып, осылардың аясында білім беру мен оқытуда дамытуды реттеуде. Заңға сәйкес бұрынғы талаптық-құқықтық ережелер негізі жаңартылып, мемлекеттік білім беру саласын реформалаудағы «Білім» бағдарламасының жасалуы және «Қазақстан Республикасы гимназияларының қызметін ұйымдастыру тәртібі туралы Ережелер», «Білім беру қызметін лицензиялау ережесі», «Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестациялау туралы ереже» өмірлік тәжірибеде орын алған болатын. (Қазақстан Республикасындағы білім туралы заңнама: Заң актілерінің жинағы. - Алматы: Юристъ, 2004. - 87-90 б). Бұндай үкімет тарапынан қабылданған құжаттар негізі Отандық білім беруді дамытудың бағыт-бағдарын анықтаушы өзек болып саналады деп түсінуге болады.

Біздің зерттеу тақырыбымыздың хронологиялық шеңберін таңдау

1987-1991 жылдардағы мемлекеттік басқарудың әртүрлі салаларын реформалау кезеңі болғандығымен анықталады, руханилықтың жаңа мұраттарын іздеу, қоғамдық-саяси өмірді ырықтандыруға және орта, жоғары білім берудің лицей – гимназияның жүйесін құру негізінен қазіргі заманға тән Қазақстан қоғамы.

Зерттеу тақырыбына арналған ғылыми ізденушілік жұмыста бізге дейінгі жұмыстарда лицей – гимназиялар мазмұндық құрылымдарына байланысты нақты бағыттық жүйелеген жұмыстардың әліде болса толық еместігі орын алуда. Бірақ, Қазақстандағы мектептер, лицей – гимназиялар, ұлттық мектептер т.б. қалыптасуы мен дамуы жайында орындалған зерттеушілік жұмыстар бар. Қазақстандағы мектеп жүйесі мен оның типтері жайында отандық зерттеулерде олардың қалыптасуы мен дамуын жалпы қазақ білім жүйелерінің тарихын түсіну аясында қарастырылады. Бұған өзек болатын ол ресми қабылданған заңдылық-құқықтық күші бар құжаттар топтамасы негіз болады. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 17.09.2013 жылғы №375 бұйрығы (30.07.2019.) берілген өзгерістер мен толықтырулар. «Барлық білім беру ұйымдарында оқыту үдерісінің тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі үлгілік кешенді жоспарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 29.06.2012 жылғы №873 Қаулысы. ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (09.12.2020) т.б. құжаттарды басшылыққа алып, құқықтық-талаптық ережелердің жаңа жүйесіне талдаулар жүргізілді.

Дегенмен де, Қазақстанның білім беру саласындағы лицей – гимназиялардың тарихи тәжірибесін пайдалану мүмкіндіктерін іздеу қажеттілігі мен оны талдаудың жеткіліксіздігі арасындағы қарама-қайшылық біздің зерттеуіміздің мәселесін айқындалды:

- КСРО-ның құрамында және Егемен Қазақстан кезеңіндегі лицей – гимназиялық білім беруді ұйымдастыру, дамытудың негізгі тарихи-педагогикалық алғышарттары мен ерекшеліктері қандай. Лицей – гимназиялардағы оқу-тәрбие жұмысының педагогикалық тәжірибелік жүйе ретінде орын алу мәселесін талдау, оң бағасын беру заманауи қажеттіліктен туады;

- 1987-1991 жылдар кезеңінде Қазақстанда алғашқы құрылымдық жүйеге ие болған лицей – гимназия типіндегі мектептер жүйесіне ғылыми педагогикалық және тарихи-тәжірибелік тұрғысынан сипаттамалар жасау;

- қазақ лицей-гимназияларының қалыптасу үдерісін талдау, білім беру үдерісінің негізін құрайтын құндылық бағдарын ашу;

- оқу кезеңіндегі оқытушылар құрамы мен білім алушы оқушылардың құрамына сапалы сипаттама берілмеуі тағы басқалар арасындағы қарама-қайшылықтар;

- Егемен Қазақстанның 1991-2017 жылдар аралығындағы ұлттық білім беру саясаты аясындағы лицей-гимназиялардың қалыптасуы мен дамуындағы ұлттық дүниетанымға бағдарлануы жайындағы мәселелердің қарастырылып, айтылмауы арасындағы қарама-қайшылықтар;

- сол кезеңде құрылған лицей-гимназиялардың мазмұндық құрылымындағы оқу жүйесін ұйымдастыруға бағытталаған бағдарламалар мен осы типтегі мектептердің модельдері жайында кеңіне ашылып жасалаған ғылыми-әдістемелік талдаулардың болмауы арасындағы қарама-қайшылықтар т.б.

Демек, аталмыш мәселенің қазіргі кездегі қажеттілігі мен оның білім беру тарихында бізге дейін ғылыми педагогикалық тұрғыдан жүйелі түрде зерделеніп, талданбау арасында жоғарыда келтірілген қарама-қайшылықтарды жою үшін және педагогика тарихын жүйелеп, толықтыру мақсатында, біз диссертациялық зерттеу жұмысы тақырыбы «Қазақстанда лицей - гимназиялардың қалыптасуы мен дамуы» (1987-2017 ж.ж.) деп алуымызға негіз болды.

Зерттеудің мақсаты: 1987-2017 жылдарда Қазақстандағы білім беру саласындағы лицей – гимназиялар қалыптасуы мен дамуының тарихи-тәжірибесі мен әдістемелік негіздерін анықтау.

Зерттеу нысаны: Қазақстандағы 1987-2017 жылдар арлығындағы лицей – гимназиялардың оқу-тәрбие үрдісі.

Зерттеу пәні: 1987-2017 жылдарда Қазақстандық лицей – гимназиялар қалыптасуы мен дамуы.

Зерттеудің ғылыми болжамы: *Егер*, 1987-2017 жылдар аралығында Қазақстандағы білім беру саласындағы лицей – гимназиялар типіндегі мектептерінің қалыптасуы мен дамуының тарихын жүйелеудің ғылыми-педагогикалық негізін ашуға мүмкіндік жасалса, *онда* білім беру тарихындағы осы типтегі мектептердің педагогикалық үдерісі жайындағы теориялық және тәжірибелік білімдерді толықтыруға негіз болады, *бұл өз кезегінде* қазіргі лицей – гимназиялардағы педагогикалық үдерісті заман талабына сәйкес дамытуға байланысты озық педагогикалық көзқарасты пікірлерді растауға және зерттеліп отырған мәселе бойынша даму бағдарын анықтауға бағытталған мақсатын бере отырып, Қазақстандағы мектептер және оның типтеріне қатысты тарихи білімдерді толықтыруға бағытталған болжамның дұрыстығын негіздейді.

Зерттеу міндеттері:

1. Білім беру жүйесіндегі лицей – гимназиялар типіндегі мектептердің қалыптасуы мен дамуын тарихи-педагогикалық тұрғыдан жүйелеу арқылы талдаулар жасау (1987-2017 жж);

2. 1987-2017 жылдардағы Қазақстандағы лицей – гимназиялардың құрылымдық мазмұнындағы жаңашылдық ғылыми-әдістемелік негіздерін айқындау;

3. Зерттеуге алынған 1987-2017 жылдар кезеңіндегі Қазақстанда лицей – гимназиялардың педагогикалық үдеріс жүйесінің құрылуын талдау және қазіргі осы типтегі мектептердің мазмұндық құрылымымен сабақтастығын анықтау;

4. 1987-2017 жылдар арлығындағы лицей – гимназиялар типіндегі мектептердегі педагогикалық жүйенің қалыптасуы мен дамуын анықтауға бағытталған «Қазақстанда лицей – гимназиялардың қалыптасуы мен дамуы»

тарихы» (1987-2017 жж.) элективті курс және тәжірибелік жұмыстарды жүргізу.

Жетекші идея. Қазақстандық білім беру тарихының даму үрдісінде еліміздегі жинақта отандық педагогикалық тәжірибелік жұмыстарды, соның ішіндегі 1987-2017 жылдарындағы білім беру жүйесінде лицей – гимназиялар типіндегі мектептердің дамуын зерттеп қорытындылау және бағалау, бүгінгі және келешек мектептер жүйесінің құрылымдық дамуына өзек ету.

Зерттеу жұмысы әдіснамасы мен теориялық негізі: Жеке тұлғаны, білім жүйесінде қайта құру, модернизация дамыту мен қалыптастыру жайлы тарихи диалектикалық даму заңдылықтары, тарихи педагогикалық құбылыстарды зерттеудегі ақиқаттық пен шындық, тарихи жүйелілікті сабақтастыру.

Зерттеудің көздері: 1987-2017 жылдардағы мерзімді басылымдар, Қазақстандық және Ресейдің білім беру жүйесіндегі педагогикалық ой түйіндеген материалдар, кеңес үкіметі мен Егемен Қазақстан кезеңіндегі педагогика тарихы, түрлі саладағы ғалым және тәжірибелі мамандардың зерттеу еңбектері, Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының кітаптары мен қолжазбалар қорындағы деректер.

Зерттеу әдістері: Зерттеу аумағына енетін кезеңдегі білім тарихына қатысты тарихи-педагогикалық еңбектерге, заңды-құқықтық, ережелік құжаттарын салыстырмалы-тарихи талдау, зерттелетін тақырып бойынша деректерді логикалық-тарихи, теориялық және жүйелік талдау, сұрыптау, жалпылау, саралау және жалпы зерттеу нәтижелерін қорыту, бағалау.

Зерттеу базасы: І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті және Алматы қаласындағы Қайнар академиясы.

Зерттеудің кезеңдері:

1-ші кезең (2017-2018 жж.) диссертациялық зерттеу жұмысымыздың тақырыбы белгіленіп, ғылыми-педагогикалық және білім беру тарих бағытында жазылған ғылыми-зерттеушілік әдебиеттерде бұл мәселенің қарастырылуы мен зерттелуі жайындағы көзқарастық ой-түйіндеулер қарастырылып, талданды. Анықталған тақырыптарға байланысты тарих педагогика, психология, тарих этнография, педагогика бойынша әдебиеттер мен зерттеулер жинақталып, сараптамалар жасалды. Зерттеудің мақсаты мен пәні және объектісі негізделіп, зерттеудің әдістері қаралды.

Зерттеудегі ғылым ұғымдар мен диссертацияның ғылыми аппараты анықталып, тиісті дерек көздері және қажетті материалдары жинақталып, салыстырып сұрыптау арқылы ғылыми негізділігіне көз жеткізілді.

2-ші кезең (2018-2019 жж.) диссертациялық зерттеу жұмысына мазмұндық жағынан жақын келетін және толықты деректік мәліметтерді заманауи педагогикалық ғылымының теориясы негіздері жүйесімен талдауға алынады, 1987-2017 жылдар аралығында Қазақстандық қоғам мен әлеуметтік ортада орын алған Лицей – гимназия типіндегі жаңашыл бағыттағы оқу орындарын пайда болуы мен дамуын білім немесе педагогика тарихы тұрғысынан жүйеленіп, сипаттамалар жасалынды, түйінделді.

3-ші кезең (2019-2020 жж.) жасалған ізденушілік пен зерттеушілік

жұмыстардың табыстылығын қорытындылап, жүйесіне келтіру жүзеге асырылды. Диссертациялық зерттеу жұмысын орындаудағы кезеңге бөлуде пайдаланылған әдістер: іздестіру мен жинақтау, талқылау, сұрыптау, генетикалық, салыстырмалы, құрылымдарда және қызметтік құрылым жүйесіндегі лицей-гимназия типіндегі мектептердің құжаттар мазмұнының ерекшеліктерді анықтап, талдау. Ізденуші докторанттың жеке әрекетінде болашақ педагог мамандарға педагогика тарихы пәні курсының мазмұнын жаңа мәліметтік дерек көздерімен толықтыратын «Қазақстанда лицей – гимназиялардың қалыптасуы мен даму тарихы (1987-2017)» тақырыптағы электив курсты енгізуі және курс бағдарламасындағы берілген дәрістер, семинарлар жоғарғы оқу орындарында жүргізді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы:

1. Қазақстанда лицей – гимназиялардың тарихнамасына жүйелік сипаттама беріп, жаңашыл болып табылатын мектептердің құрылуына өзек болған жағдаяттарды талдап, ақиқат пен шындық тұрғысынан бағалауға болады (1987-2017 ж.ж.);

2. 1987-2017 жылдар арлығында Қазақстанда құрылған лицей - гимназиялар типіндегі мектептерінің ғылыми-педагогикалық негіздері айқындалып, ғылыми жүйеге келтіріліп тұжырымдамалық тұрғыдан талдауға алынады.

3. Кеңес үкіметі мен Егемен Қазақстан 1987-2017 жылдар кезеңіндегі білім беру саясаттарының жүйесінде құрылған лицей – гимназиялардың педагогикалық мазмұндық құрылымдарының қазіргі осы типтес мектептермен сабақтастықтарына талдаулар жасау арқылы олардың өзара байланысы анықталады;

4. «Қазақстанда лицей – гимназиялардың қалыптасуы мен даму тарихы (1987-2017)» тақырыптағы жасалған элективті курсты ЖОО-ның педагогикалық тәжірибесіне енгізу және оны анық-нақтылы (констатациялық) эксперименттік-тәжірибелік жұмыстарын жүргізу арқылы тарихи-теориялық педагогикалық білімдерді толықтыруды жүзеге асыру.

Зерттеудің практикалық мәнділігі:

Диссертациялық ізденушілік жұмыста қолданылған және зерттеушілікке қатысты нақты деректік мәліметтерді басшылыққа алу арқылы тарихи-педагогикалық мазмұндағы ой-тұжырымдар КСРО үкіметінің соңғы кезеңдеріндегі құрамында болған қазақ елінің 1987-1991 жылдар мен 1991-2017 жылдардағы яғни, ХХІ ғасырдың бас кезеңіндегі егемен мемлекетіміздің алғашқы жылдарындағы білім жүйелеріне өтпелі дәуіріндегі лицей – гимназия типіндегі мектептердің қалыптасуы мен дамуына қатысты білім тарихы бағытындағы білімдер мен тарихи-тәжірибелік мәселелерді зерттеп тану арқылы диссертациялық жұмыста, мүмкін қолданылады. Сондай-ақ, Отандық оқу-тәрбие барысындағы тәжірибе бағытындағы білім тарихында жалпы зерделеуде, оқулықтар және оқу-әдістемелік құралдар ретінде, жоғары білім орындарының, оқу білім бағдарламаларын дайындауда, ЖОО-да педагогика тарихы пәнінің курсына және отандық білім берудің тарихы жайындағы элективті курсты өткізу кезінде «Қазақстанда лицей –

гимназиялардың қалыптасуы мен даму тарихы» (1987-2017) элективті курстағы бағдарламасында түйінделген. Ой-пікірлер негізінде педагогика тарихының білімдерін кеңейту бағытында пайдалануға болады.

Қорғауға ұсынылған негізгі қағидалар:

1. Қазақстандандық білім беру тарихындағы лицей – гимназиялар типіндегі мектептердің қалыптасуы мен дамуының тарихи-педагогикалық негіздегі мәселелерін зерттеу нәтижелері (1987-2017ж.ж.);

2. КСРО үкіметінің 1987-1991 жылдардағы соңғы ширегі мен Егемен Қазақстанның 1991-2017 жылдар аралығындағы лицей – гимназиялар мектептерінде оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырудың ғылыми-педагогикалық негіздегі пікірлерді қоғамдық-әлеуметтік және ұлттық мәдени тұрғысынан жүйелеуді негіздеу;

3. Қазақстандағы 1987-1991 жылдар аралығындағы лицей – гимназия мектептерінде мазмұндық құрылымдық жүйесіне ғылыми-педагогикалық тұрғыдан талдау және бүгінгі осы типтес мектептермен өзара сабақтастық байланысын негіздеу;

4. Зерттеуге алынған 1987-1991 кезеңдерде лицей-гимназия типіндегі мектептердегі мазмұндық құрылым және олардың қалыптасуы мен дамуындағы өзіндік педагогикалық ерекшелігін ашуға бағытталған «Қазақстанда лицей – гимназиялардың қалыптасуы мен даму тарихы» (1987-2017) атты элективті курсты ЖОО-ның педагогикалық үдерісіне ендіру арқылы тәжірибелік тұрғыдан дәлелдеп, негіздеу.

Зерттеу нәтижелерінің дәлелдігі мен негізділігі: ізденушілікке бағытталған диссертациялық жұмыста қол жеткізген нәтижелерде тарихи ғылыми білімдер мен тәжірибелік әдістемелер жүйесінде дәлелденуі және Қазақстандағы 1987-1991 жылдар кезеңіндегі жаңышылдық сипатқа ие болған лицей-гимназия типіндегі мектептердің қоғам мен әлеуметтік ортада орын алып, дамуы барыстарына тарихи-педагогикалық мазмұнда талдаулар жасаумен, білім беруді ұйымдастыруға бағытталған заңдық-құқықтық ережелік құжаттарды басшылыққа ала отырып, деректік мәліметтердің тарихи-теориялық тұрғыдан қаралуы және зерттеудің нәтижесі ЖОО-да педагогикалық мамандықтардың оқу-тәрбие үдерісінде педагогика тарихы мен Отандық білім беру тарих курстарының мазмұндық білімдерін жетілдіруді қамтамасыз ете алады.

Зерттеу нәтижесін сынақтан өткізу және ендіру: зерттеудің негізгі қағидалары ғылыми баяндама түрінде халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда, Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитеті ұсынған журналдарда, скопус базасындағы ғылыми журналдарда көрініс тапты.

Жарық көрген ғылыми еңбектер: зерттеудің негізгі нәтижелері мен қағидалары шетелдік және отандық халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарында (5) және ҚР БжҒМ Білім және Ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда (3), Скопус деректер базасында саналатын ғылыми журналдарда (2) жарық көрді. Диссертациялық ізденушілік ғылыми жұмысты орындау барысында қол

жеткізілген нәтижелер мен оның негізінде жасалған қорытынды ойтүйіндеулер негізі зерттеу базасында көрсетілген ЖОО-да болашақ мұғалім мамандарды даярлау тәжірибесіне ендірілген элективті курсты оқытудағы көрсеткіштік мәліметтері өзек болды.

Диссертацияның құрылымы. Диссертацияда кіріспеден, екі бөлімнен, қорытындыдан, әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.

Кіріспеде зерттеген тақырыбы өзектілігі анықталып, диссертациялық ғылыми зерттеу жұмысында ғылымдағы аппараты яғни, зерттеудің мақсаты, зерттеу пәні, объектісі, ғылымдағы болжам, зерттеудің міндеттемелері мен зерттеу базасы, зерттелген кезеңдер, ғылымдағы жаңалықтар, әдістер, тәжірибелік және теориялық, қорғауына ұсынылған жаңалықтар беріледі.

«Егеменді Қазақстанда лицей – гимназиялар жүйесіндегі мекемелердің құруының тарихи-әдіснамалық негіздері» атты бірінші бөлімде 1987-2017 жылдар аралығындағы Қазақстандағы лицей – гимназия типіндегі мектептердің қалыптасуы мен дамудағы өтпелі кезеңдері мен олардың өзіндік ерекшеліктері, сол уақыттағы мектеп жүйесі мен олардың тарихы және даму бағыттық бағдарлары қарастырылады.

«Қазақстандағы лицей – гимназия типіндегі білім беру мекемелерінде педагогиканың үдерісті ұйымдастырудың тәжірибелік жолдары» атты екінші бөлімде, зерттеу ауқымына енген кезеңдегі лицей – гимназиялар типіндегі мектептердің оқыту мен тәрбиелеу барыстарындағы педагогикалық тәжірибесінің бүгінгі кезеңімен ұласымдылық табуы. Олардың педагогикалық тұрғыдағы мазмұндық құрылымдары осы мектептерде оқу-тәрбие жұмыстарында оқушыларға жаңа бағытта білім мен тәрбие беруін ұйымдастыру мәселелері бойынша орын алған ой-пікірлерге талдау жасай отырып, білім беру тарихындағы педагогикалық құнды мұралардың мәні ашылды.

Диссертациялық ғылыми зерттеу жұмысының мазмұнында қазіргі уақыттағы мемлекеттік құрылымдар мен оның салалары экономика, саясат, өмірдің әлеуметтік ортасындағы жеке адамдар арасындағы іскерлік байланыстардың өріс алуы жаһандық реформалық үдерістерге байланысты жалпы білім беру жағдайы және мазмұны мен оны ұйымдастырдың түрлеріндегі оқу-тәрбие мекемелерінің құрылымдық жүйесінде өзгеруді қарастырады. Республикадағы мектептерді дамытудағы білім беру үдерісін ынталандырумен оның мақсаттары мен мазмұнын жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға, реттеуге бағдарланғандығы, сондай-ақ, білім беру жүйесінде жаңа типтегі оқу-тәрбие мекемелерінің яғни, лицей – гимназиялардың пайда болуымен сипатталады. Білім берудегі жаңашылдық сипаты мен бағытын анықтайтын объективті жағдаяттарға: 1987 жылдан бастап, кеңестік жүйенің өзінде уақыт талабына сай мамандарды даярлау мәселесі жаңа сипатқа ие бола бастауы орын алып, әлемдік және еуропалық білім беру кеңістігі мен ондағы болашақ кәсіби мамандарды даярлаудағы педагогикалық тәжірибелер алмасулар орын ала бастады; 1991 жылдан Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет болып қалыптасуы; Отандық білім беру жүйесін әлемдік және еуропалық білім кеңістігіне ықпалдасуы; білім беру үдерісінің

тұлғалық-бағдарлы моделін жасау, жаңашылдық мазмұны мен педагогикалық технологиялардың енуі.

Қарастырылып отырған, 1987-2017 жылдардағы кезеңдердегі лицейлер мен гимназиялардың қызметін ұйымдастыру үдерісінде бірқатар қиындықтар орын алуда. Бұл сол кездегі қоғамның осы типтегі оқыту мен тәрбиелеу мекемелеріндегі құрылым мен мазмұндық жүйесі және оның қажеттіліктері жайында республикадағы білім беру жүйесіндегі қызмет жасау тәжірибесінің аздығынан туындады. Нәтижесінде лицей мен гимназиялардың дамуы жүйесіз, басқарылусыз бейтараптық бағытта (стихиялы) болып, осы оқу-тәрбие мекемелерін құру үдерісінде «бақыланбайтын жағдайда, белгілердің әдеттегі өзгеруі байқалады» бағыттағы педагогикалық тәжірибелер орын алды. Кейбір бір жағдайда гимназиялар мен лицейлер дарынды балаларға арналған жалпы білім беретін мектеп ретінде мәнге ие болды.

Жоғарыдағы берілген ойларды негізге ала отырып, лицей мен гимназиялардың оқу-тәрбие барыстарын педагогикалық жүйе тұрғысынан ерекшеліктерін беру үшін оларды құрайтын құрылымдардың екі тобын береміз:

1. Білім беру саласында бастапқы бір басты сызық жүйесінен орын алып, осы қатынасына қарай екінші дәрежелі деңгейге шығуына бұл белгілі бір уақыт кезеңінде басым бағытқа ие болып, өзіндік ерекшелігі бар, бұқаралық басым бағыты (тенденцияларды) белгілеу ретінде қолданылуының негізгі - білім берудің мақсаты, міндеттері және мазмұны болады;

2. Білім беру мекемесінің құрылымдық мазмұнының ерекшелігі мен типіне сәйкес, көмекші немесе бастапқы қосалқылыққа бағытталған оқытушылар мен білімгерлердің құрылуы мен құрылымындағы бірлескен педагогикалық әрекеттерді іске асыру – жаңаша білімдер негізіндегі таным, тәрбие, бағдарлы оқытудағы оқу материалдары т.б.

Яғни, лицей мен гимназиялар типіндегі мектептердің құрылымдық мазмұны мен ондағы оқыту мен тәрбие үдерістерін қолданылатын педагогикалық жүйенің тәжірибелік мүмкіндіктерін кешенді зерттеу қажеттілігін береді және олардың дамуының әр түрлі тарихи кезеңдеріндегі білім беру жүйелеріндегі осы типтегі оқу-тәрбие мекемелерінің өзіндік ерекшеліктері мен сипатын ашып береді.

Лицейлер мен гимназиялардың қоғамдық-әлеуметтік сәйкестігінің табиғатын ескере отырып, осы білім беру мекемелерінің дамуының бірнеше мүмкіндіктерін бөліп қарастыруға болады:

- білім траекторияларын тиісті еңбек көздерімен үйлестіру, оқушылардың сапалы кәсіби бағдары үшін;

- студенттердің әр түрлі кәсіби дамуы үшін әр түрлі университеттер мен ынтымақтастық;

- кәсіптік бағдарланған оқу орны мәртебесін көтеру. Лицейлер мен гимназияларда әлемдегі заманауи білім беру мәртебесіне сәйкес келетін ішкі жағымды білім беру ортасын дамыту қажет. Бұдан шығатыны,

лицейлер мен гимназиялар дамуының әлеуметтік факторларын ескере отырып, бірнеше жағдайларды бөліп қарастыруға болады:

- денсаулық сақтау білімін құру;
- оқытушылар құрамы үшін профилактикалық шаралар. Бұл шаралар күйіп қалудың алдын алуға бағытталған. Осы сәттен бастап лицейлер мен гимназиялардағы психологиялық қызметтің сапалы дамуын ынталандыру қажет;

- ұйымдастырушылық мәдениетті дамыту;
- оқытушылар құрамына жедел білім мәселелерін шешу дағдыларын үйрету және алдағы іс-шаралардың ұзақ мерзімді жоспарларын құру. Білім жүйесін дамыту компоненттерін жүзеге асырудың сәйкестігінің маңыздылығының функционалдық жағы бірнеше функцияларға негізделгенін атап өткен жөн. Осылайша, функционалдық аспект келесі функциялармен ұсынылған:

- ақпараттық-аналитикалық білім беру мекемесінің ақпараттық ортасының дамуын басқарудың жай-күйі туралы ақпараттық базаның құрылуы, білім беру және білім беру қызметінің нәтижелерінің өзгеруі ақпараттандыру процестерінің әсері;

- мотивациялық мақсатқа бақылау субъектілерінің білім беру мекемесінің ақпараттық ортасында өзара әрекеттесу әдістеріне деген танымдық, мінез-құлық, эмоционалдық қатынастарын дамыту кіреді;

- жоспарлау және болжау білім беруді ақпараттандырудың болашақ жағдайымен байланысты оқу процесін дамытуға, жоспарлау, жобалау, болжау процедураларына бағдарланған;

- ұйымдастырушылық және атқарушылық құқықтар, өкілеттіктер мен жауапкершілікті вертикаль ретінде ашады;

- диагностикалық бақылау (ақпараттандыру жағдайын диагностикалау, ақпараттық ортаның дамуын басқарудың тиімділігін бақылау);

- түзету (білім беру ұйымының ақпараттық ортасының дамуын басқару компоненттерін ағымдағы реттеу және оның қалаусыз нәтижелерін түпкілікті түзету).

Жалпы, гимназиялық білім беруді дамыту мәселесі отандық педагогикада аз қарастырылғандар қатарына жататындығын айтуға болады. Теориялық зерттеулер мен шынайы практиканың салыстырмалы анализі, Қазақстандағы заманауи гимназиялық білім беру қарқынының зерттеуінде, ғылыми түрде құрылған тәсілдердің жоқтығын көрсетеді. Бұл мынадай мәселелер арасында қарама-қайшылықтар туғызады:

- алдыңғы қатарлы отандық, шетелдік педагогикалық тәжірибенің қолдану маңыздылығы, оның гимназиялық білім берудегі негізгі бағытын анықтау арналған жалпылаудың жоқтығы және олардың тез дамығыш социалды-экономикалық шарттарындағы түзету тапшылығы;

- қоғамның болашақ интеллектуалды элитаны дайындау талабы мен қоғам қойған мәселелерді тиімді түрде шешуге жол беретін, гимназиялық білім берудің даму қиындығының педагогикалық ғылым арқылы шешілмеуі;

– заманауи гимназиялық білім беруді дамытуға, педагогикалық ұйымдастыру шарттарының кешен құру қажеттілігіне және аталмыш мәселеге жасалған жұмыстың жоқтығы;

– заманауи гимназиялық білім беру тақырыбының профильді оқу түрінде, шешімдерді табу маңыздылығы және осы сұрақтардың теориялық және практикалық деңгейде іске аспауы;

– гимназия мұғалімінің мұғалім-зерттеуші, оқу зерттеу жұмыстарының менеджері ретінде қалыптасуы сынды мұғалімнің жаңа функцияларының өзектілігіне, осы сұрақтардың теориялық және практикалық деңгейде жүзеге аспауы. Аталған қарама-қайшылықтар тек педагогикалық практиканың айналасында шешілуі мүмкін емес. Заманауи гимназиялық білім берудің, отандық және шетелдік тәжірибе ескерілулерімен тарихи маңызда ғылыми зерттеулер өткізілген жоқ. Қазіргі көптеген мәселелер терең тарихи түрде бастау алады, соның ішінде, гимназиялық білімнің дамуында да, революцияның алдындағы кезеңнің зерттеулері бастама болды. Зерттеуге ХІХ-ХХІ ғасырлардағы хронологиялық кезеңнің алыну себебі, сол кездері социалды экономикалық негізде құрылған, гимназиялық білім берудің пайда болуы мен дамуы болып табылады.

Отандық педагогикалық ғылымның тарихи білімін қорытындылау және талдаған, Біз 2 кезеңнен ерекшелендік:

1. КСРО кезеңі (1987-1991);

2. Егемендік кезең (1991-2017).

Зерттеуге қатысты мәліметтердің сенімділігі, Қазақстандағы лицейлер мен орта мектептердің сауалнамасынан алынған мәліметтерді басқа зерттеушілердің нәтижелерімен салыстыруға негізделген, лицейлер мен оқу жүйесінің білім беру жүйесінің мазмұн құрылымын анықтау. Мемлекеттік және әлеуметтік саладағы зерттеу мәселесінің қажеттіліктерін сипаттау. Жарамдылық мерзімі Қазақстан лицейлері мен гимназияларының білім беру мәселелерін олардың компоненттерінің бірлігі мен қоршаған ортамен, әлеуметтік позицияға және қоғамдағы ішкі үйлесімділігіне негізделген деп санайды.

Тарихи әдістемелік негіздер негізінде алдыңғы ғылыми-зерттеу жұмысындағы әдістер жүйесі лицей және гимназия типтік оқу орындарында статистикалық жалпылау, талдау, іздеу, оқу жоспарлары мен бағдарламаларын салыстыру. Сондай-ақ, ол лицей мен гимназиялардың оқу орындарын қалыптастыру және дамыту мәселелерімен танысуға, сұрыптау-аналитикалық талдау жүргізуге мүмкіндік берді. Семинарларға, авторлық мақалаларда пікір таластар мен алмасуларға қатысу. Деректер сауалнамалар көмегімен жиналды.

Бұл Қазақстан педагогикасының тарихының білім мазмұнын толықтырады және оған жаңа тұрғыдан әділ баға береді. Біздің ғылыми-зерттеу жұмысымыздың нәтижелерін басшылыққа ала отырып, біз жоғары оқу орындарының педагогикалық кандидаттық диссертациясы негізінде «Қазақстандағы лицей және гимназия қалыптасуы мен дамуы (1987-2017)» элективті курстың тақырыбын болашақ мұғалімдерді дайындау үшін енгіздік.

Элективті курс Қазақстандағы лицей және гимназиялық оқу орындарының 1987 жылдан бастап 2017 жылға дейінгі тарихнамасы, олар ұлттық білім тарихына және олардағы білім беру жүйесіне тарихи әдістемелік негізде енгізілген.

Біздің ғылыми-зерттеу жұмысына жүйеленген теориялық білімді басшылыққа ала отырып, дамыған элективті курстың тиімділігін арттыру болашақ мұғалімдер, білім беру бағдарламасына пән бойынша білімді «Педагогика тарихы» қосу үшін педагогикалық іс-тәжірибеден өткіздік. Біз таңдаған зерттеу әдісі анық нақтылауға бағытталған эксперимент (constantiation эксперимент) болып табылады. Біздің ғылыми-зерттеу іс тарихи-педагогикалық мұрасын білдіретін жұмыс болғандықтан, білім тарихында ғылыми білімнің айналымын өзгерту және тәуелді айналымы оның әсер дұрыстығын нақтылауға бағытталған эксперимент заманауи білім толықтыруға өткен мұрасын пайдалана отырып, оның мақсаты бойынша басқа эксперимент негізінен әр түрлі болып табылады. Дегенмен, тарих зерттеулер педагогикалық мұраның білім органының толықтыру, бірақ өткен педагогикалық тәжірибесі құбылыстар әсер ете алмайды. Мұндай зерттеу тек оған қандай да бір әсер ететін, нақты жағдайды көрсетеді.

Элективті курсты оқыту және сауалнама жүргізудің кезеңдеріндегі анығын нақтылауға бағытталған эксперимент нәтижелері пайыздық көрсеткішпен төмендегідей жүйеде береміз.

2017 - 2018 оқу жылының II - ші семестеріндегі нәтиже көрсеткіштерінің пайыздық үлес салмағы: алғашқы кезеңдегі жауаптар: толық - 11,34%; орта -17,01%; төмен - 11,34%. қорытынды нәтижесі: жауаптар: толық - 18,9%; орта – 19,53%; төменгі -1,26%.

2018 - 2019 оқу жылындағы II - ші семестрде алынған нәтижелердің пайыздық қатынас көрсеткіші: алғашқы кезеңдегі жауаптар: толық -9,15%; орта – 16,47%; төменгі -11,59%. қорытынды көрсеткіш нәтижесіндегі жауаптар: толық -15,86%; орта -21,35%; төменгі -0%.

2019 - 2020 оқу жылындағы II - ші алынған нәтижелердің пайыздық қатынас көрсеткіші: - алғашқы кезеңдегі жауаптар: толық - 5,39%; орта - 13,23%; төменгі -5,39%. қорытынды нәтижесі: - толық - 9,8%; орта -13,72%; төменгі жауап – 0,49 %.

Элективті курсты енгізуде, оқытуда қатыстырылған жалпы - 173 білімгерлер санының алғашқы кезеңдегі жауаптар: толық - 76,12%; орта - 140,13%; төменгі - 83,04%. қорытынды нәтижесі: - толық - 131,48%; орта - 162,62%; төменгі - 5,19 % пайыздық білім деңгейлерінің көрсеткіші анықталды.

Бұл нақты педагогикалық-тарихи білімдерді пайдаланушының, танымдық өнімнің талаптары қанағаттандырылғандығының дәлелі (*валидация*). Тәжірибелік зерттеудегі сауалнамалық тапсырмаларды жауабын тексеру барысындағы келісуді қамтамасыз ететін сапаны басқарудың ішкі үдерісі яғни, осы мазмұндық жүйеге бағытталған педагогикалық эксперименттің нәтижелері біздің зерттеу тақырыбын толығымен растады. Осылайша, дәлелділікті анықтауға бағытталған педагогикалық эксперимент

нәтижелері бойынша алынған мәліметтер ұсынылған ғылыми жорамалдың дұрыстығын растайды, сондай-ақ ұсынылған элективті курс оқытушысы алған білімнің толықтығын негіздеу педагогика ұстаздың кәсіби қызметіндегі студенттердің педагогика тарихымен кәсіби білім беру іс-шараларымен байланысы өзін-өзі оқыту және шығармашылық жұмыс траекториясының кең мүмкіндіктерін ашты.

Педагогикалық эксперимент (тұрақты эксперимент нәтижесінде жоғарыда айтылғандарды анықтауға бағытталған). Мамандық студенттері 1987 жылдан бастап 2017 жылға дейінгі аралықта білім алудың негізі арқылы оқытудың өсуінің сәтті деңгейін көрсетті, ол қалыптасу үшін негіз болды. Олардың танымдық идеялары мен осы бағыттағы көзқарастары - дамудағы білім иелері лицей және гимназия. Бұл элективті курсты ұсыну қажеттілігін дәлелдеді, бұл педагогика пәні тарихы, болашақ лицей мен гимназияның мұғалімдерінің жаңа білімге негізделген кәсіби қызметке бейімделуіндегі білім берудің тамаша шеберлігінің көрсеткіші болып табылады.

Қорытындылай келе, таңдап алынған тақырыптық зерттеу жұмысымызды жазу барысында төмендегідей нәтижелерге қол жеткіздік. 1987-1991 жылдар аралығындағы Қазақстанда лицей мен гимназия типіндегі мектептердің қалыптасуы мен дамуында орын алған тарихи-педагогикалық жүйелердің түрлері, білім беру саласындағы жұмыстар мен жаңа типтегі мектептер және олардың өздеріне тән құрылымдық мазмұндарына сәйкес оқу-тәрбие қызметін ұйымдастыру ерекшеліктерінің болғандығы дәлелденіп қорытынды жасадық.

1. Зерттеу жұмысында 1987-1991 жылдар аралығындағы Қазақстандағы лицей және гимназиялық мектептердегі білім берудің тарихи-әдіснамалық жүйесі жасалып, тарихи-педагогикалық және әдістемлік тұрғыдан сипаттамалар беріліп, талдаулар жасалынды.

2. Зерттеліп отырған, 1987-1991 жылдардағы тарихи кезеңде Қазақстандағы лицей және гимназия типіндегі мектептердің қалыптасуы мен дамуы және олардың мазмұндық құрылымының жүйелік сипатына, бір орталықтан басқарылатын кеңестік қоғам құрылысындағы идеологиялыққа бағындырудың жүзеге асырылуы мен егемендік кезеңдегі білім беру жүйесінің дамуындағы, өзіндік сипатының кейінгі кезеңдермен тарихи ұласымдылығы айқындалды.

3. 1987-1991 жылдар аралығындағы Қазақстандағы лицей-гимназия мектептерінің бүгінгі осы типтегі оқу-тәрбие мекемелерімен білім беру жүйесінің өзара тарихи-педагогикалық байланыстылығы анықталып, олардың сабақтастығы дәлелденді.

4. «Қазақстанда лицей және гимназияның қалыптасуы мен дамуы» (1987-2017 жж.) атты тақырыптағы элективті курс жасалып, педагогика тарихы пәнінің оқу материалдарын толықтыруға мүмкіндік беретіндігі ЖОО-да болашақ мұғалімдерін даярлайтын мамандықтардың білім бағдарламасына ендіріліп, анығын нақтылауға бағытталған педагогикалық тәжірибелік зерттеу жүргізу арқылы нәтижелілігі мен тиімділігі негізделді.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми аппаратында қойылған ғылыми болжамның және бүкіл зерттеу жұмысының, құрылымдық жүйесінің дұрыстығы дәлелденді. Зерттеу жұмыстың нәтижелері Қазақстанда білім тарихына қатысты білім қорын толықтырады және оны педагогика тарихына қатысты зерттеулер мен ізденушілік жұмыстарды кеңінен пайдалануға болатындығы анықталды.

Ғылыми-зерттеу жұмыстың нәтижелеріне сүйене отырып, лицей және гимназиялық типтегі мектептердің педагогикалық тәжірибелердің қалыптасуы мен дамуына ықпал жасау және осыған сәйкес болашақ мұғалімдерін даярлауда немесе олардың кәсіби білімдерін жетілдіру мен арттыру бағытында төмендегідей ұсыныстар жасаймыз:

1. Қазақстандағы мектептердің даму тарихын, педагогикалық мамандық бойынша жасалатын білім бағдарламаларына элективті курс ретінде оқытылуы тиімді деп санаймыз.

2. Мектеп мұғалімдерінің біліктілігін жетілдіру институттарда лицей мен гимназия типіндегі мектептердің педагогикалық тәжірибесі, тарихы және теориясының қалыптасуы жөнінде дәрістер мен тәжірибелік оқыту жұмыстарын жүргізуге болады.

3. Түрлі типтегі мектептердің педагогикалық үдерістері жайында білім беру барыстарында, осы лицей – гимназиялардың тарихи-педагогикалық зерттеудегі педагогикалық тәжірибесіне мән беру, әдістеме тарихы жайынан зерттелуі қажет деп түсінеміз.

4. 1987-1991 жылдар аралығындағы Қазақстандағы лицей және гимназия типіндегі мектептеріндегі тәрбие беру жұмысының тәжірибелерін негізге алып, қазіргі лицей мен гимназиялардың білім кезеңіндегі ұйымдастырылатын тәрбие жұмыстарына оңтайлы, икемдеп қолдану - Қазақстандық азаматтық пен патриотизмге тәрбиелеу бағытындағы жұмыстарға пайдалану өз нәтижесін беретіні анық.

Зерттеу нәтижесін сынақтан өткізу және ендіру: зерттеудің басты мазмұндық қағидалармен ғылыми-әдістемелік еңбектер тұрғысында және тезистік баяндама қалпында Отандық және шетелдік ғылыми-тәжірибелік конференцияларда, Қазақстан Республикасы Білім мен ғылымда сапаны қамтамасыз ету комитетінде көрсетілген журналдарда, скопус (Scopus) базасына енетін ғылыми журналдарында жарияланған:

1. Қазіргі қоғамдағы инновациялық мектептердің ерекшеліктері. «Рухани жаңғыру – Қазақстанның серпінді дамуының негізі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары., Талдықорған, І.Жансүгіров ат. ЖМУ. 2018, -Б. 57-60.

2. Қазақстандағы заманауи гимназиялық білімнің даму мәселелері. Қазақстанның ғылымы мен өмірі., №1 (74), 2019, -Б. 38-41.

3. Траектория развития системы образования лицеев: сравнительный анализ Казахстана и зарубежных стран. Центр наукових публікацій Збірник наукових публікацій, IV МІЖНАРОДНА КОНФЕРЕНЦІЯ «НАУКА В ЕПОХУ ДИСБАЛАНСІВ», (м. Київ | 30 листопада 2018р.), 2 частина., - С. - 38-44.

4. Қазақстандағы жаңа үлгідегі білім беру мекемелерінің ерекшеліктері. Қазақстанның ғылымы мен өмірі., №2 (77), -Нур-Сұлтан қ. 2019, -Б.89-92.
5. Основные направления учебно-воспитательного процесса в лицеях и гимназиях. Инновационный потенциал развития науки в современном мире «НИИЦ Вестник науки» -Уфа, 31 октября 2019 г., Часть 3, -С. 27-37.
6. Развитие университетского образования в аспекте подготовки студентов окончившие лицей и гимназии «Сборник с научни доклады» (трета книга)., - Болгария, Издателство; ЕКС-ПРЕС, 2019., -С. 161-166.
7. Публично-социальный характер создания в Казахстане образовательных учреждений типа лицеи и гимназии "Prospects for the Development of Modern Science" Materials of the V International Scientific-Practical Conference Международная конференция, - Сеул, Корея , 11-13 март 2020г., -Часть 2, -С.115-123.,
8. History of Formation of Lyceums and Gymnasiums in Kazakhstan and Peculiarities of their Educational Activities Talent Development & Excellence Vol.12, No.1, 2020, -495-506 pp.
9. Content system of the lyceum and gymnasium educational program. BULLETIN OF THE KARAGANDA UNIVERSITY, - №4,(100) - 2020, - 55-62 pp.,
10. Innovative features of education in Kazakhstan's Lyceum-Gymnasium Cypriot Journal of Educational Sciences, 17(1), -2022, -159–173 pp. <https://doi.org/10.18844/cjes.v17i1.6693>